

«6D061300 – Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Оразов Айдынның «Шығыс Қазақстан жағдайындағы сирек және эндем *Ledebouria* бадамы (*Amygdalus ledebouriana* Schlecht.) өсімдік түрінің популяцияларының жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Шығыс Қазақстан өңірі өсімдік ресурстарына бай аймақтарға жатады және оның флористикалық байлығы Қазақстан Республикасы үшін бірегей құндылық болып табылады. Бұл аймақтың ерекшелігі оның флорасында эндемикалық және сирек өсімдіктердің көп болуы. Қазақстан Республикасы сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер түрлерінің тізбесіне сәйкес Шығыс Қазақстанның сирек және эндем өсімдік түрлерінің бірі *Rosaceae* Juss. тұқымдасына жататын *Amygdalus ledebouriana* Schlecht. өсімдігі болып табылады және Тарбағатай тау жоталарында таралған популяциялары Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген. Эндемикалық және сирек өсімдіктерді зерттеуде геоботаникалық, молекула-генетикалық және сақтаудың биотехнологиялық әдістерінің заманауи пән аралық ұштасуын талап етеді.

Оразов Айдынның диссертациялық жұмысы *A. ledebouriana* Шығыс Қазақстан жағдайындағы популяцияларын кешенді зерттеуге, популяцияларының құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға, популяциялар арасындағы өсімдік биіктігінің өзгергіштігін анықтауға және заманауи молекула-генетикалық талдау әдістерін пайдалану арқылы генетикалық алуантүрлілігін анықтауға және биотехнологиялық әдістермен сақтауға бағытталған.

Диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы Шығыс Қазақстан жағдайындағы сирек және эндем *A. ledebouriana* өсімдік түрінің популяцияларының құрылымдық ерекшеліктерін, жастық құрамы, өсімдік биіктігінің өзгергіштігін ескере отырып, кешенді жұмыс жүргізілуімен; ITS және *matK* маркерлерін пайдалану арқылы баркодтау негізінде *A. ledebouriana* түрінің филогенетикалық талдаумен; SSR-маркерлері көмегімен *A. ledebouriana* популяцияларының құрылымын және генетикалық ерекшелігін анықтаумен; *A. ledebouriana* сақтау жолы ретінде биотехнологиялық әдістермен *in vitro* жағдайындағы асептикалық каллус клеткаларын алу жолымен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында, Дебрецен университетінің Өсімдіктердің филогенетикалық лабораториясында (Дебрецен к., Мажарстан), Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының Молекулалық генетика лабораториясында 2018-2020 жылдарға арналған AP05131621 «Қазақстанның жабайы флорасын молекула-генетикалық және ботаникалық құжаттауға арналған ақпараттық жүйе» жобасы аясында орындалды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері 11 ғылыми еңбекте басылып шықты, оның ішінде: 2 мақала Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі Республикалық ғылыми журналдарда, 2 мақала және 2 тезис халықаралық ғылыми конференциялар материалдар жинағында жарияланған. Пайдалы модельге 1 патент алынды.

Оразов Айдынның ғылыми жұмысын орындау барысында өзін жауапты, білікті жас маман ретінде көрсете білді. Сонымен қатар, геоботаникадағы дәстүрлі әдістер мен қазіргі заманғы молекула-генетикалық және биотехнологиялық әдістерді меңгерді.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, А. Оразовтың «Шығыс Қазақстан жағдайындағы сирек және эндем Ледебур бадамы (*Amygdalus ledebouriana* Schlecht.) өсімдік түрінің популяцияларының жағдайын зерттеу» тақырыбындағы зерттеу жұмысы PhD докторлық диссертация талабына сай жазылған және 6D061300 – Геоботаника мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесіне лайық.

**Отандық ғылыми жетекшісі:
Өсімдіктер биологиясы және
биотехнологиясы институтының
Молекулалық генетика
лабораториясының меңгерушісі,
биология ғылымдарының кандидаты,
профессор**



Туруспеков Е.К.

